

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 665 "Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмектер көрсету жөнінде шаралар туралы" қаулысын орындауға бағытталған шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 12 тамыз N 262 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуірде N 285 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 233 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.06.23 № 233 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының қызметін жақсарту және күшейту мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмектер көрсету жөнінде шаралар туралы" 1996 жылғы 30 мамырдағы N 665 P960665\_ қаулысын басшылыққа алуға және орындауға жариялансын.

1.1. Тұрақты мекен-жайы және құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындарының типтік штаттары бекітілсін (N 2 қосымша)\*.

Ескерту: әрі қарай қабылдау орындары

1.2. Қабылдау-бөлу орындарының негізгі міндеті тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды табу үшін және жекебасын анықтау үшін оларды қабылдау-бөлу орнына қамау, анықтау, тергеу және сот органдарынан жалтарып жүрген, қылмыс жасаған, іздеуде жүрген, хабар-ошарсыз жүрген адамдарды салыстырып, анықтау және оларды тиісті органдар мен мекемелерге тапсыру  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.3. Қабылдау-бөлу орындарында жедел-іздістіру жұмыстарын ұйымдастыру облыстың ІІБ Әкімшілік қызмет басқармасына, қабылдау-бөлу орындарының  
б а с т ы қ т а р ы н а жү к т е л с і н .

2. Алматы қалалық ІІББ, облыстық және көліктегі ІІБ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 8 басқармасымен оқу орындарының  
б а с т ы қ т а р ы н а :

2.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 665 қаулысын орындау қамтамасыз етілсін.

2.2. Бір айдың ішінде ӘҚБ бағынышты органдардың, бөлімшелердің және қызметтердің жеке құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 665 "Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмектер көрсету жөнінде шаралар туралы" қаулының және онда бекітілген ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындары туралы Ереженің талаптарын оқып-үйренуді, жеке құрамнан сынау қабылдауды ұйымдастырсын.

2.3. Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдар мен жұмыстың күйі талданып, осы санаттағы адамдарға байланысты ішкі істер органдары қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған, кешенді шаралар әзірленсін.

2.4. Қабылдау-бөлу орындарын материалдық-техникалық жабдықтармен жақсарту жағынан, қажет жағдайда - олардың санын көбейту, сонымен қатар қарттар мен мүгедектерге арналған үй-интернаттарын көбейту туралы облыс Әкімдеріне ұсыныстар берілсін.

2.5. Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмек көрсету мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындау бойынша ішкі істер органдары Денсаулық, Халықты әлеуметтік қорғау, еңбек министрліктерінің аумақтық органдарымен тығыз байланысты қамтамасыз етсін.

2.6. Қабылдау-бөлу орындарының бастықтары қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдарды Арнаулы емдеу профилактикалық мекемелеріне рәсімдеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу міндеттелсін.

2.7. Қабылдау-бөлу орындарында төтенше оқиғалар болдырмау бойынша шаралар қабылдансын. Мұндай фактілердің әрқайсына қызметтік тексеру жүргізілсін, төтенше оқиғаның жасалуы туғызған себептері мен жағдайлары анықталсын. Қызметтік тексерулердің нәтижелері туралы қорытынды бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ӘҚББ-сына жіберілсін.

2.8. Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдардың жиналатын жерлерін табу бойынша қабылдау-бөлу орнының, УМУ, ПҚ МАИ, ПҚЖБ қызметкерлерінен сұраным жоғарылатылсын. Оларды көшелерден, базарлардан, вокзалдардан, адам тұрмайтын жайлардан, вагондар тоқтайтын парктерден уақытында жинау қамтамасыз етілсін, айына кемінде екі рет тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды ұстау бойынша рейдтер жүргізілсін.

2.9. Ұсталған тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды қамағанда, заңдылықтың бұзылмауы ӘҚБ, қабылдау-бөлу орындарының бастықтарынан талап етілсін.

Заңның бұзылған әрбір фактісі бойынша кінәлі адамдар қатаң тәртіп жауапкершілігіне тартылсын.

2.10. Ұсталған адамдардың ішінен Ішкі істер органдары және Мемлекеттік тергеу комитетінің іздеуіндегі қылмысты элементтерді табу және олар жасаған қылмыстарды ашу бойынша әкімшілік қызмет басқармасы жедел-іздігі қызметін әдістемелік басқаруды жақсартуға міндеттелсін. Бұл жұмысты іске асыру үшін, оперативтік жұмыстан тәжірибесі бар білікті қызметкерлер тағайындалсын.

2.11. Бір ай мерзімде керекті мөлшерде бланкілер (N 2 қосымшаға сәйкес) дайындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі әкімшілік қызмет Бас басқармасы (Приходько Н.И.), Ақпараттық-есептеу орталығы (Назаров С.С.) бір ай мерзім ішінде есеп беру формасын әзірлесін және бекітсін, әр айдың 5-іне қабылдау-бөлу қызметтерінің нәтижелері туралы ай сайынғы статистикалық мәліметтермен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ӘҚББ қамтамасыз етсін.

4. Бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі ӘҚББ-сына (Приходько Н.И.) және Штабқа (Темірбаев М.Р.) жүктелсін.

5. Ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындарының типтік құрылымы жөнінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1994 жылғы 10 тамыздағы N 230 бұйрығының күші жойылды деп саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі -  
Ішкі әскерлер Қолбасшысы  
генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы  
1996 жылғы 30 мамырдағы N 665

Тұрақты мекен жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік медициналық және басқа көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға әлеуметтік, медициналық

және басқа көмек көрсету мақсатымен, тұрғын халықтың санитарлық-эпидемиологиялық аман-саулығын қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ішкі істер органдарының тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындары туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және оның жергілікті органдарына тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды анықтау, кім екенін тексеру, қылмыс жасаған, іздеу салынған, анықтау, тергеу және сот органдарынан жасырынып жүрген, хабар-ошарсыз кеткен адамдарға ұқсайтынын айқындау үшін қабылдау-тексеру орындарына жеткізу, дәрігерлік куәландыруға немесе Қазақстан Республикасының Әлеуметтік қорғау министрлігінің мекемелеріне жіберу;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бұл адамдарды дәрігерлік куәландыруға және емделуге жіберу;

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бұл адамдарды интернат-үйлерге жіберу, сондай-ақ оларға зейнетақы және жәрдемақы төлеу негіздері мен тәртібін анықтау;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне және оның жұмысқа

орналастыру жөніндегі аумақтық органдарына олардың жұмыссыз жүруінің себептері мен жағдайларын зерделеу және оларға жәрдемақы төлеу тәртібін анықтау жүктелсін.

3. Ішкі істер органдарының тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу орындары жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 30 мамырдағы  
N 665 қаулысымен  
Бекітілген

Ішкі істер органдарының тұрақты мекен-жайы,  
құжаттары жоқ адамдарға арналған қабылдау-бөлу  
орындары туралы  
Ереже

## 1. Жалпы ережелер

1. Қабылдау-бөлу орындары тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды ұстауға, олардың кім екенін анықтап, тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медициналық, әлеуметтік және т.б.) тапсыру мақсатына арналған.

2. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мұндай адамдарды қабылдау-бөлу орындарында прокурордың рұқсаты бойынша отыз тәулікке дейін ұстауға б о л а д ы .

3. Ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындары жергілікті атқарушы органдардың шешімімен құрылады.

Қабылдау-бөлу орындарының штатын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің бұйрықтарымен жарияланған осы мекемелердің бірыңғай штаттарына сәйкес, атқарушы өкімет органдарының шешімімен белгіленетін жалақы қоры мен қызметкерлері санының шегінде қалалық облыстық және көліктегі Ішкі істер басқармаларының бастықтары бекітеді.

4. Қабылдау-бөлу орындарын ұстауға кететін шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленеді.

Шығындар жөніндегі сметалар, сондай-ақ бухгалтерлік есеп беру Ішкі істер басқармасының қаржы-экономикалық бөлімдеріне ұсынылады, одан кейін есепке алу және есеп беру бойынша қолданылып жүрген ережелерде анықталған үлгілерге және мерзімдерге сәйкес әкімдер аппараттарының қалалық қаржы бөлімдеріне тапсырылады.

5. Қабылдау-бөлу орындары заңды тұлға болып табылады және дербес баланста болады.

6. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындарын үй-жаймен, автокөлікпен, байланыс құралдарымен әкімдердің аппараттары қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды пайдалануға жұмсалатын шығынды төлейді.

7. Қабылдау-бөлу орындарындағы адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға бақылау жасау мен әдістемелік басшылықты аумақтық органдар және денсаулық сақтау мекемелері жүзеге-асырады. Облыс орталықтарында орналасқан қабылдау-бөлу орындарының санитарлық жағдайын ішкі істер басқармасының санэпидстанциялары, ал облыс орталықтарынан тыс жерлерде орналасқандарды денсаулық сақтау ісінің аумақтық органдарының санэпидстанциялары бақылайды. Қабылдау-бөлу органдарындағы адамдарға

тікелей медициналық қызметті осы мекемелердің штаттық медициналық қызметкерлері көрсетеді. Қабылдау-бөлу орындарына әкелінгендер ішінде "СПИД", тері-венерологиялық және басқа жұқпалы аурулар анықталса, ол адамдардың бәрі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің арнаулы медицина мекемелеріне тиісті тексеруге жіберіледі.

## 2. Ұсталғандарды қабылдау және тіркеу

8. Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды анықтап, оларды қабылдау-бөлу орындарына немесе жақын маңдағы ішкі істер органына (милицияға) тапсыруды осы органның қызметкерлері, сондай-ақ қабылдау-бөлу орындарының жеке құрамы орындайды. Бұл жұмысты қоғамдық жасақтардың, ерікті халық жасақшыларының, милицияның штаттан тыс қызметкерлерінің, аула сыпырушылардың көмегімен атқаруға болады.

9. Қабылдау-бөлу үй-жайларының типтік жобаларына сәйкес мына жағдайлар көзделуі тиіс:

еркектерді, әйелдер мен балалары бар әйелдерді, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды бөлек ұстауға арналған палаталар, санитарлық тексеруден өтпеген жаңадан түскен және ауру адамдарға арналған жеке бөлмелер ;

кезекшіге, кеңсеге, қабылдау-бөлу орнының бастығына, медицина қызметкеріне, инспекторларға, шаруашылыққа арналған бөлмелер; санитарлық тексеруден өткізетін, тамақ жылытатын және тамақ ішетін, санитарлық торап бөлмелері.

Қабылдау-бөлу орындарының ішінде қоршалған аула болуы тиіс.

10. Қабылдау-бөлу орны ұсталғандарды тәулік бойы қабылдайды. тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды ұстап жеткізген ішкі істер органы (милиция) қызметкері ұсталған адамның тегі, атын, әкесінің атын, ұсталған уақыты мен жағдайын көрсетіп бұл туралы рапорт жазады. Ұсталған адам туралы мәліметтер рапортқа оның құжаттары негізінде, ал құжаттары жоқ болған жағдайда ауызекі сөзі арқылы жазылады.

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамдарды жеткізген азаматтардан жазбаша немесе ауызша арыз қабылданады. Ауызша арыз хаттамаға кіргізіліп, оған арыз беруші мен арызды қабылдаған ішкі істер органы (милиция) қызметкері қол қоюы тиіс.

11. Үш сағаттың ішінде ішкі істер органының (милицияның), қабылдау-бөлу орнының бастығы немесе оның орынбасарлары, олар болмаған кезде ішкі істер органының (милицияның), қабылдау-бөлу орнының кезекшісі жеткізілген адамның кім екенін әрі қарай тексеру үшін ұстау немесе оны босату туралы

ш е ш і м                                 қ а б ы л д а у ғ а                                 м і н д е т т і .

12. Бұл адамдарды ұстау туралы шешім ішкі істер органының (милицияның) бастығы, оның орынбасары немесе қабылдау-бөлу орнының бастығы бекіткен дәлелді қаулымен ресімделеді (1-қосымша). Ішкі істер органының (милицияның), қабылдау-бөлу орнының бастығы немесе оның орынбасарлары болмаған кезде ішкі істер органы (милиция), қабылдау-бөлу орнының кезекшісі ұсталған адамды камераға қамап, бұл туралы өзінің бастығына баяндайды.

Ұсталған сәттен бастап, 24 сағат мерзім ішінде, ұстау туралы қаулы басқа материалдармен бірге прокурорға ұсынылады.

Прокурордың санкциясы алынғаннан кейін қаулы ұсталған адамға жарияланып, одан қолхат алынады.

13. Ішкі істер органының қызметкерлері шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды ұстаған кезде, олардың паспорттарын және басқа құжаттарын тексеруге, сондай-ақ белгіленген тәртіппен олардың Қазақстан Республикасында болу және республика аумағы арқылы транзиттік өтеу ережелерін сақтауын бақылауға алуға құқылы. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясына сәйкес, иммунитет

және артықшылықтар құқығы бар шет мемлекеттердің азаматтарын ұстауға болмайды.

14. Қабылдау-бөлу орнына жеткізілген және қамалған әрбір адам жеке тінтіледі.

Тінтуді ұсталған адаммен жынысы бір, екі куәгердің қатысуымен қабылдау-бөлу орнының кезекші-наряд қызметкерлері жүргізеді. Жеке тінту жұмысы хаттамамен ресімделеді (2-қосымша). Хаттамаға тінту жүргізген қызметкер, тінтілген адам және куәгерлер қол қояды.

15. Жеке тінту кезінде мынадай заттар алынуға тиісті:  
қару, жарылғыш, улы және есірткі заттар;  
ақша, бағалы қағаздар, зергерлік бұйымдар;  
бұрыш, тұз, спирттік ішімдіктер, шәй;  
дәрі-дәрмектер және пайдалануға әрі камерада сақтауға дәрігер рұқсат еткен басқа дәрілік заттар;  
бөкебай, белбеу, белдік, орауыштар, аспа баулар, баулар;  
шыны ыдыстар, түйрейтін, егейтін және кесетін заттар;  
құжаттар;  
үш тәуліктен астам уақытқа есептелген тағам өнімдері.

Жеке тінту кезінде алынған заттардың белгілері, нөмірлері егжей-тегжей

хаттамаға көрсетіліп жазылады. Атыс қаруы, суық қару және патрондар қылмысты істі сараптау бөлімінде тексеріліп тиісті шешім қабылдағаннан кейін, қалалық ішкі істер басқармасының, Ішкі істер басқармасының Шаруашылық бөлімінің қоймаларына, ал жарылғыш заттар, әсері күшті улар тиісті ұйымдардың қоймаларына тапсырылады.

Сақтау немесе алып жүру заң бойынша қудаланатын заттардың алынғаны туралы мәселені заңға сәйкес шешу үшін, ол жайында анықтау органына дереу х а б а р л а н а д ы .

Қалған заттар, бұйымдар, бағалы заттар мен құжаттар ұсталған адам қамаудан босатылғанша, қабылдау-бөлу орнында арнаулы шкафта сақталады, оның кілті қабылдау-бөлу орнының кезекшісінде болады.

16. Қабылдау-бөлу орнының кезекшісі ішкі істер органынан (милициядан) жеткізілген адамды қабылдаған кезде, ұстау туралы қаулыдағы тиісті жазуды оның аты-жөнімен салыстырады және тінту хаттамасында көрсетілген заттардың с а н ы н т е к с е р е д і .

17. Ұсталып, қабылдау-бөлу орнына қалмаған адам журналға тіркелуге тиіс (3-қосымша), саусағының ізі алынады және медициналық байқау мен санитарлық тазалаудан өтеді. Киімдері мен заттарды дезинфекцияланады.

Қабылдау-бөлу орнына жеткізілген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттары болмаса, олар суретке түсіріледі.

### 3. Қабылдау-бөлу орнында ұсталғандарды тексеру

18. Қабылдау-бөлу орнына жеткізілген тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ әрбір адам мұқият тексерілуі тиіс.

Ұсталған адамның жеке басын неғұрлым толық анықтау және олардың арасынан қылмысқа қатысы барларын айқындау тексерудің басты міндеті болып т а б ы л а д ы .

19. Ұсталған адам қабылдау-бөлу орнында болған алғашқы тәуліктер ішінде сұраққа алынады. Сұрақ нәтижесі хаттамамен ресімделіп (4-қосымша), оған жауап берген адам мен жауап алған қызметкер қол қояды.

Ұсталғандардың сауалнама мәліметтері тексеру материалдарына жеке басы құжаттарынан алынып, ал ол жоқ болса - тексерілушінің айтуы бойынша ж а з ы л а д ы .

20. Ұсталған және қабылдау-бөлу орнына жеткізілген адамға Ішкі істер министрлігінің ақпараттық есептеу орталығы, ұсталған жеріндегі Ішкі істер басқармасы және Ресей Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік ақпарат орталығы үшін дактилоскопиялық карталардың үш данасы жасалады (5-қосымша). Бұл орайда егер де есепке алынуға тиісті адам Ресей Ішкі істер министрлігінің



мемлекеттік ақпарат орталығының дактилоскопиялық картасы бойынша тексерілген болса, онда Ресей Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік ақпарат орталығында дактилоскопиялық формуламен анықталған карта жіберіледі.

Тұрақты мекен-жайы бойынша ұсталған адамдар тек Ішкі істер басқармасының ақпарат орталығының картотекаларында ескеріледі.

21. Ұсталғандар сондай-ақ бұрынғы тұрған және жұмыс істеген орындары (сұратуға фотографиялық карточкаларды қоса тіркей отырып), мекен-жай бюролары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің жедел-іздігі есебі және қылмыс жасалған жерлерінен алынған саусақ іздерінің картотекасы бойынша тексеріледі. Мұндай адамдарды тексеру туралы сұратулар үш тәулік мерзімге дейін орындалуы тиіс.

#### 4. Ұсталғандарға қолданылатын шаралар. Оларға қабылдау-бөлу орнынан босату тәртібі

22. Ұсталған адамның тұрақты мекен-жайының, құжаттарының жоқтығы тексеру барысында анықталған соң, оны орналастыру туралы мәселе осы Ереженің 2 және 24 тармақтарына сәйкес шешіледі.

23. Егер тексеру барысында ұсталған және қабылдау-бөлу орнына қамалған адамның қылмыс жасауға қатысты жоқтығы анықталса, ал адамның (қарттар, мүгедектер) туған-туыстары, қорғаншысы, басқа да адамдары бар болған жағдайда ол жалпы негізде қабылдау-бөлу орнынан босатылады.

Қорғаншысы немесе асыраушысы жоқ қарт адамдар мен мүгедектерді қарттар және мүгедектер үйіне орналастыру (6-қосымша), ал егер емдеу орнына орналастыруға мұқтаж болса, жергілікті денсаулық сақтау органы арқылы емдеуге жіберу туралы (7-қосымша) тұрғындарды әлеуметтік қорғау органына ұ с ы н ы с ж а с а л а д ы .

24. Егер тексеру барысында ол адамды жасаған қылмыстары үшін тергеу немесе анықтау органдары іздестіріп жүргені айқындалса және оны қамауға алу жөнінде қорытынды болса, дереу уақытша ұстау изоляторына ауыстырылады.

25. Жеке басын куәландыратын және Қазақстан Республикасының аумағында болу құқығын дәлелдейтін құжаттары жоқ шетел адамдары анықталса, олардың жеке басын анықтау шаралары қолданылады.

Шетелден адамдар шақырған қабылдаушы ұйым өкілдері немесе адамдар анықталынбаса және ұсталған адамдар өзі туралы мәліметтерді қасақана жасырып отыр деуге негіз болса, олар қабылдау-бөлу орнына қамалып, белгіленген тәртіп бойынша тексерілуі тиіс.

26. Шетелдіктер қабылдау-бөлу орнына қамалған кезде оларды ұстаған орган бұл туралы дереу телеграф арқылы Қазақстан Республикасы Бас

Прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Ішкі істер министрлігіне хабарлайды.

Бір мезгілде шетелдік азаматтың ұсталып, қабылдау-бөлу орнына қамалғаны туралы сол қабылдау-бөлу орны орналасқан аудан (қала) прокурорына жазбаша х а б а р л а н а д ы .

27. Жеке басы анықталғаннан кейін, шетел азаматы тиісті құжаттарды ресімдеу үшін Ішкі істер басқармасы Ішкі істер Бас басқармасы Визалар және тіркеу бөліміне жіберіледі. Сонымен қатар әкімшілік құқық бұзылғандығы туралы құжаттар заңға сәйкес шара қолдану үшін ішкі істер органының б а с т ы ғ ы н а б а я н д а л а д ы .

28. Қабылдау-бөлу орнынан босатуды қабылдау орнының кезекшісі жүзеге а с ы р а д ы .

Қабылдау-бөлу орнының, ішкі істер органының (милиция) бастығы немесе орынбасарлары бекіткен, тексеруші қызметкер жазған қаулы босатуға негіз болып саналады (8-қосымша). Қаулыда ұсталған адамның жеке басын анықтау үшін жүргізілген тексерудің нәтижесі және қолданылған шаралар баяндалады.

Қабылдау-бөлу орнына қамалған адамды босатуға, сондай-ақ прокурордың жазбаша тапсырмасы да негіз болады.

Қабылдау-бөлу орнынан босатылғандарға азаматтардың сақтауына тыйым салынған заттардан басқасы олардың нәрселері, ақшалары мен құжаттары қолхат а р қ ы л ы қ а й т а р ы л ы п б е р і л е д і .

Қабылдау-бөлу орнының бастығы немесе оның орынбасары, қабылдау-бөлу орнынан босатылған адамдарға қоғамға жат қылықтармен өмір сүруді доғару қажеттілігін түсіндіріп, тыңғылықты әңгіме өткізеді.

29. Қабылдау-бөлу орнынан босатылған адамдар бұрынғы мекен-жайына, немесе өзі таңдаған жағына өз қаржысымен, ал егер ақшасы болмаса қабылдау-бөлу орнының қаржысы есебінен жіберіледі. Жол жүру уақытына оларға қабылдау-бөлу орнында қамалғандарға белгіленген тамақ мөлшері бойынша құрғақ тамақ, сонымен қатар баратын мақсаты және маршруты жөнінде а н ы қ т а м а б е р і л е д і ( 9 - қ о с ы м ш а ) .

30. Қабылдау-бөлу орнынан босатылған адамдарға қабылдау-бөлу орны орналасқан аумақтық ішкі істер органы босату туралы қаулылардың көшірмелері негізінде N 9 үлгідегі анықтама береді. Қаулылардың көшірмелеріне N 1 үлгідегі өтініш және екі фотосуреті қоса тіркеледі. Қамаудан босатылған азаматтардың өтініштеріндегі қойған қолдарын қабылдау-бөлу орнының бастықтары к у ә л а н д ы р а д ы .

Қабылдау-бөлу орнынан Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы жұмыспен қамту департаментінің аумақтық органына және босатылған адам жұмысқа орналасатын аумақта қызмет атқаратын ішкі істер

органдарына хабарлама (10, 11-қосымша) жолданады.

## 5. Қамау тәртібі

31. Тұрақты мекен-жайы және құжаттары жоқ адамдар есіктеріне берік тиектері және қарайтын саңылауы бар палаталарға қамалады; терезелеріне металл торлар салынады. Әрбір палатаға ішкі істер органының бастығы бекіткен ішкі тәртіп ережесі ілінеді (12-қосымша).

32. Қабылдау-бөлу орнындағы адамдарды күзету және тәртіп талаптарын қамтамасыз ету үшін тәулік бойы кезекшілік және милиция күзеті қойылады. Қабылдау-бөлу орнындағы адамдарды күзететін нарядқа тағайындалған милиция қызметкерлеріне қару берілмейді. Қабылдау-бөлу орнынан қашқан адамды ұстау кезінде "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қару қолданылмайды.

33. Қабылдау-бөлу орнындағы адамдар уақытша изоляторда қамауға алынғандарға белгіленген тамақ мөлшері бойынша тамақтандырылады. Тағам өнімдері күн сайын ведомость бойынша кезекшілерге беріледі. (13-қосымша).

Егер қамалған адаммен бірге балалары болса, олар балаларды қабылдау-бөлу орны үшін белгіленген норма бойынша тамақтандырылады.

34. Ұсталғандар сәкіге немесе кереуетке орналастырылады. Оларға орамал, ал кереуеттер болса, тысы бар матрац пен жастық беріледі. Мүгедектерге, қарттарға, сондай-ақ ұсталған әке-шешесімен бірге жүрген кәмелетке толмағандарға барлық жағдайда тысы бар матрац, жастық беріледі.

35. Егер қоршалған ішкі аула болса, ұсталғандар күн сайын бір сағат серуендеуге шығарылады.

36. Қабылдау-бөлу орнын қамалған адамдар ішкі тәртіп ережелерін орындауға міндетті.

37. Бекітілген ішкі тәртіп ережесін бұзғандарға тәртіпсіздіктің түріне немесе ауырлығына байланысты төмендегідей шаралардың бірі қолданылады:

ескерту;

қабылдау-бөлу орнының бөлмелерін тазалауға кезектен тыс наряд беру;

1-тәуліктен 5 тәулікке дейінгі мерзімге серуендеуге шығармай қою (балалы әйелдерден басқасы).

Ықпал ету шараларын қолдану құқығы қабылдау-бөлу орнының бастығына беріледі.

Ұсталғандар бұзақылық жасаса, "Қазақстан Республикасының ішкі

істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кісендер және тағы басқа арнаулы құралдар қолданылады.

## 6. Лауазымды адамдардың міндеттері

38. Қабылдау-бөлу орнының бастығы тікелей Ішкі істер басқармасының әкімшілік қызметі басқармасы (бөлімі) бастығына немесе қабылдау-бөлу орны ұйымдастырылған ішкі істер органының бастығына бағынады.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы қабылдау-бөлу орнының қызметіне жауап б е р е д і ж ә н е :

қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтаудағы қабылдау-бөлу орнының рөлін көтеруге үнемі шаралар қолдануға;

қабылдау-бөлу орны қызметкерлерімен тәрбие жұмысын, қызметтік, жауынгерлік және денешынықтыру дайындықтарын жүргізуді ұйымдастыру мен ө т к і з у г е ;

қабылдау-бөлу орнына жеткізілген адамдарды кідірту, сондай-ақ ұсталғандарды босату туралы қаулыларды бекітуге;

тұрақты мекен-жайы және құжаттары жоқ адамдарды ұстау үшін ішкі істер органдары өткізетін шараларды дайындауға және өткізуге атсалысуға;

ұсталғандарды тексеру, олардың арасынан ішкі істер органдары іздестіріп жүргендерді анықтау және олардың жасаған қылмыстарын ашу бойынша жұ м ы с т а р ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

қабылдау-бөлу орындарының жұмысына талдау жасап, нәтижелері туралы ішкі істер органы басшыларына, жергілікті өкімет органдарына хабарлауға, осы санаттағы адамдармен күрес жүргізудегі милиция жұмысын жақсартуға байланысты жоғары орындарға ұсыныстар енгізуге;

қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдармен құқыққа қарсы қылықтарын доғаруға септігін тигізген жеке әңгімелер өткізуге;

қабылдау-бөлу орнын ұстауға смета жасауға, оны қажетті жабдықтармен, мүліктермен, автокөлікпен қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға міндетті.

39. Қабылдау-бөлу орны бастығының орынбасары қабылдау-бөлу орнына қамалғандарды ұстау тәртібіне бақылау жасайды, олардың кім екенін тексеру шараларын ұйымдастырады. Бастық жоқ кезде оның міндеттерін атқарады.

40. Қабылдау-бөлу орнының кезекшісі қабылдау-бөлу орнының бастығына және оның орынбасарына бағынады, ал олар жоқ кезде қабылдау-бөлу орнының жұ м ы с ы н а б а с ш ы л ы қ ж а с а ы д ы .

О л :

жеткізілген барлық адамдар туралы қабылдау-бөлу орнының бастығына немесе оның орынбасарына жедел баяндауға, ал олар жоқ болса, үш сағат ішінде оларды қабылдау-бөлу орнына қамауға алу немесе кім екені анықталған соң босату туралы шешім қабылдауға;

қабылдау-бөлу орнына жеткізілген адамдарды тіркеуге және есепке алуға, оларды жеке тінтуге, дактилоскопия жасауға және фото суретке түсіруді ұйымдастыруға;

қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдардың заттары, ақшалары, құжаттары және бағалы заттарының сақталынуын және қамаудан босатылғанда олардың қайтарылып берілуін қамтамасыз етуге;

қабылдау-бөлу орнына қамалғандарды уақтылы дәрігерлік тексеруге, санитарлық тазалаумен қамтамасыз етуге, тамақтануын және серуенге шығарылуын ұйымдастыруға;

қабылдау-бөлу орнына қамалғандардың барлық шағымдары мен өтініштерін, дер кезінде қабылдау-бөлу орнының бастығына хабарлап отыруға және солар бойынша қажетті іс-шаралар қолдануға, шағымдар, ұсыныстар, хаттар жазу үшін ұсталғандарға жазу құралдарын беруге;

қамалғандардың ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтауын бақылауға, милиционерлердің қызмет атқаруына тұрақты бақылау жүргізуге, ұсталғандардың денсаулығы нашарласа медицина қызметкеріне хабарлауға, ал ол болмаған жағдайда жедел жәрдем немесе шұғыл медициналық көмек көрсетушілерді шақыруға;

жол жүру билеті бар, тұрақты (таңдалған) мекен-жайына бет алған қабылдау-бөлу орнынан босатылған адамдардың поезд (кеме) жүрер алдында вокзалға (айлаққа) жеткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

41. Қабылдау-бөлу орнында қамалған адамдардың арасында жедел-іздістіру жұмысын жүргізуге құқылы қабылдау-бөлу орнының қызметкері қабылдау-бөлу орнының бастығына және оның орынбасарына тікелей бағынады.

О л :

егер шартты түрде сотталғандар және шартты түрде босатылғандардың ішінде өз бетімен жұмысқа бару тәртібін бұзған немесе әкімшілік ауданның шегінен өз бетімен шыққан (жұмыс орнына оралмаған) адамдар бар болса, ұстап қабылдау-бөлу орнына қамау туралы қаулы дайындауға; тәртіп бұзушылық және оның болу себептерін білетін ұсталғандардан және т.б. адамдардан жауап алуға, олардың бұрын қалай өмір сүргенін тексеруге;

қабылдау-бөлу орнындағы қамалғандар арасынан тергеуден, соттан жасырынып жүргендерді, бас еркінен айыру орындарынан және ішкі істер органдарының қадағалауынан қашқандар, алимент төлеуден қасақана бұлтартушылар, сондай-ақ қылмыс жасағандарды анықтау бойынша

жедел-ізвестіру жұмыстарын жүргізуге;  
қабылдау-бөлу орны бастығының тапсырмасы бойынша заңға сәйкес қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс адамдардың материалдарын ішкі істер органдарына тапсыруға;

құқыққа қарсы әрекет жасауға бейім адамдардың жиналатын орындарын анықтау және оларды ұстау үшін рейдтер жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге міндетті.

42. Дәрігер (фельдшер) қабылдау-бөлу орнының бастығына және оның орынбасарына бағынады.

О л :

қамалған барлық еркектерден - мерез, ВИЧ-инфекциясы, гонорея ауруларын тексеру, барлық әйелдерден - мерез, ВИЧ-инфекциясы және гонорея ауруларын тексеруге;

қабылдау-бөлу орнына жеткізілген адамдарға дәрігерлік тексеру жүргізуге, тіркеу журналына тиісті жазбалар жазып, тексеру ісіне кіргізілетін арнаулы анықтама (14-қосымша) толтыруға;

қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдарды күнделікті аралап, денсаулықтарын бақылауға, анықталған ауруларға қажетті дәрігерлік көмек көрсетуге, егер мұқтаж болса ауруларды денсаулық сақтау органының тұрақты емдеу мекемелеріне жіберуге;

қабылдау-бөлу орнының бөлмелеріндегі санитарлық жай-күйді қадағалауға, ұсталғандарды, олардың киімдерін, заттарын және төсектерін уақытылы санитарлық тазалаудан өткізуге;

эпидемияға қарсы қажетті шаралар өткізуге;

қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдарды қажет болса медициналық тексеруге жіберуге міндетті.

43. Милиционер тікелей қабылдау-бөлу орнының кезекшісіне бағынады және оның қабылдау-бөлу орнындағы адамдарды ұстау және күзету жөніндегі нұсқауларын орындайды.

О л :

палатадағы қамалғандардың тәртібіне үнемі бақылау жасау,

өлім-жітім, өзін-өзі өлтіру немесе денеге жарақат түсіру жағдайларының алдын алу шараларын қолдануға;

қабылдау-бөлу орнына қамалған адамдардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;

кезекшімен бірлесе отырып, қабылдау-бөлу орнындағы адамдарды серуенге шығаруға, ведомость бойынша оларға тамақ беруді ұйымдастыруға;

үй-жайдың, есік, терезе, еден, мүліктердің дұрыстығын күнделікті тексеріп, байқалған ақауларды қабылдау-бөлу орнының бастығына баяндауға және оларды жою шараларын қолдануға міндетті.

### 1-Қосымша

Бекітемін

Рұқсат етемін

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бастығы

\_\_\_\_\_ прокуроры

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

199\_\_ж " " \_\_\_\_\_

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адамды ұстау туралы

Қаулы

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

" " сағ. \_\_\_\_\_ мин.

\_\_\_\_\_ қаласы (ауылы)

Мен, \_\_\_\_\_

лауазымы, ішкі істер органының аты, атағы,

тегі

туылған жылы және туылған жері

азамат \_\_\_\_\_ ұстау жайындағы

тегі, есімі, әкесінің есімі

материалдарды қарай келіп,

мынаны анықтадым:

Азамат \_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі

жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ,

тұрақты мекен-жайы жоқ

Өз түсініктемесінде азамат \_\_\_\_\_

деп хабарлады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және Ішкі істер органы туралы

Заңның 12-бабын басшылыққа ала отырып

Қаулы етемін:

Азамат \_\_\_\_\_ жеке басын

анықтау және тексеру үшін ұсталып, \_\_\_\_\_

атауы

қабылдау-бөлу орнына қамалсын.

\_\_\_\_\_

қаулыны жазған қызметкердің

\_\_\_\_\_

лауазымы, атағы және қолы

Қаулымен танысып шықтым \_\_\_\_\_

ұсталған адамның қолы

## 2-Қосымша

Жеке басын тінту

Хаттамасы

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

Мен, қабылдау-бөлу орны бойынша кезекші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

орган, атағы және тегі

шақырылған куәлар: 1. \_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі

2. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

қатысуымен

\_\_\_\_\_

қабылдау-бөлу орнына әкелінген адам

\_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі

жеке басына тінту жүргіздім.

Әкелінген адам \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

киген киімі, аяқ киімі, бас киімі көрсетілсін

Жеке басын тінту кезінде және заттарын тексеріп карағанда

\_\_\_\_\_

құжаттар, ақша (сомасы), құнды заттар, нәрселер



---

---

---

табылып, сақтауға алынды.

тіңтілген адамның қолы \_\_\_\_\_

Тінтуді жүргізген \_\_\_\_\_

қабылдау-бөлу орны бойынша кезекші  
шақырылған куәлардың қолы \_\_\_\_\_

Құжаттарымды, ақшамды, құнды заттарымды, басқа нәрселерімді түгел  
алдым және талабым жоқ.

Алушының қолы \_\_\_\_\_

Қабылдау-бөлу орны бойынша кезекшінің қолы \_\_\_\_\_

199\_\_жылғы " " \_\_\_\_\_

### 3-Қосымша

Қабылдау-бөлу орнына қамалған тұрақты мекен-жайы,  
құжаттары жоқ адамдарды тіркеу

Журналы

199\_\_жылғы " " \_\_\_\_\_ басталған

199\_\_жылғы " " \_\_\_\_\_ аяқталған

1. Р/с N
  2. Жеткізілген адамның аты-жөні, туған жылы, соңғы тұрған мекен-жайы
  3. Күні, уақыты
  4. Санкция алынған күн
  5. Кім жеткізді (атағы, тегі және лауазымы), қайдан жеткізді
  6. Жеткізу себептері
  7. Ұсталған адамды тексеру кімге тапсырылды
  8. Қолданылған шаралар туралы белгі (жұмысқа орналастырылды, интернат үйіне, тұрақты мекен-жайына жіберілді, жауапкершілікке таратылды)
  9. Босату негізі, күні және уақыты. Кезекшінің қолы
-

#### 4-Қосымша

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ ұсталған

адамнан жауап алу

Хаттамасы

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ қаласы (поселкесі)

Мен, \_\_\_\_\_  
лауазымы, мекеменің аты, атағы мен тегі

---

Жауап алдым

1. Тегі, есімі, әкесінің есімі \_\_\_\_\_

2. Туған жылы \_\_\_\_\_ 3. Туылған жері \_\_\_\_\_

4. Ұлты \_\_\_\_\_ 5. Білімі \_\_\_\_\_

6. Сотты болуы \_\_\_\_\_

қашан сотталған, қай сотпен, ҚҚ қай бабы бойынша

---

және қандай мерзімге, қашан және неге байланысты босатылған

---

7. Бұрынғы тұрған мекен-жайы \_\_\_\_\_

---

8. Мамандығы \_\_\_\_\_

Жалпы еңбек стажы \_\_\_\_\_

қашан, кім болып, кәсіпорынның, ұйымның

Жұмыс орны

---

аталуы

9. Өзімен бірге қандай құжаттары бар \_\_\_\_\_

аталуы, сериясы,

---

нөмірі, кім және қашан берген

10. Әскери міндеттілігі \_\_\_\_\_

11. Денсаулық жағдайы \_\_\_\_\_

қандай аурулары бар

мүгедек болып табыла ма \_\_\_\_\_

тобы көрсетілген, қандай

құжаттармен расталады

зейнетақы мөлшері \_\_\_\_\_

қарттар мен мүгедектер интернат-үйінде болған ба \_\_\_\_\_

қашан, қай жерде

12. Отбасы жағдайы \_\_\_\_\_

отбасының құрамы

тұрақты мекен-жайы

13. Басқа жақын туыстары, соның ішінде жауап алынған адамды қамтамасыз етуге міндеттілері бар ма \_\_\_\_\_

тегі есімі, әкесінің есімі,

тұратын мекен-жайы, жұмыс орны

14. Бұрын қабылдау-бөлу орнына қамалған ба \_\_\_\_\_

қашан, қай жерде

15. \_\_\_\_\_

отбасынан кетуінің, жұмыстан босауының,

интернат-үйінен кетіп қалуының себептері

16. Қанша уақыттан беру тұрақты мекен-жайы жоқ және неліктен

\_\_\_\_\_ -

\_\_\_\_\_ -

\_\_\_\_\_ -

17. Қандай қаражатпен өмір сүрген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ -

18. Тұрақты мекен-жайынан кеткеннен кейін қай облыстарда, республикаларда болды \_\_\_\_\_

айналысқан қызмет түрі

19. Аталған елді мекенге келу себебі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Аталған елді мекенде қайда түнеді \_\_\_\_\_

Күндізгі уақытын қайда өткізді \_\_\_\_\_

20. Жұмысқа орналасу және тұрақты мекен-жайын нақтылау үшін  
өзі шаралар қолданды ма \_\_\_\_\_

қандай, қайда және қашан

21. Болашақта не істемек ойы бар \_\_\_\_\_

Басқа мәліметтер \_\_\_\_\_

Жауап алынған адамның қолы \_\_\_\_\_

Жауап алынған қызметкердің қолы \_\_\_\_\_

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

5-Қосымша

Тұрақты мекен-жайы, құжаттары жоқ адам ретінде ұсталған

\_\_\_\_\_ жынысы | дактилоскопия

\_\_\_\_\_

| формасы

| формула

Тегі \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_

Есімі \_\_\_\_\_ | қосымша

| жіктеу

Әкесінің есімі \_\_\_\_\_

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ туылған. Туған жері \_\_\_\_\_

ауыл (село), ауданы,

облысы (аймақ, респ.)

Оң қолы

1 Бас | 2. Сұқ | 3. Ортаңғы | 4. Аты жоқ | 5. Шынашақ |  
бармақ | саусақ | саусақ | саусақ | |  
\_\_\_		\_\_\_		\_\_\_					
	16			8					
		-----				-----			
16	\_\_\_\_\_	8	\_\_\_\_\_	4					
\_\_\_		\_\_\_		\_\_\_					

Бүктеу сызығы Сол қолы

---

1 Бас | 2. Сұқ | 3. Ортаңғы | 4. Аты жоқ | 5. Шынашақ |  
бармақ | саусақ | саусақ | саусақ | |  
\_\_\_		\_\_\_		\_\_\_			
4			2			1	
\_\_\_		2		\_\_\_		1	
\_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ |

Бүктеу сызығы

Бақылау бедерлемелері

---

Сол қолы | Бас бармақ | Бас бармақ | Оң қолы  
|\_\_\_| |\_\_\_|

Ұсталған адамның қолы \_\_\_\_\_

Карта 199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ толтырылған \_\_\_\_\_

---

(Ішкі істер министрлігі қай органында және қай жерде екені көрсетілсін)

Ескерту. ІІМ, ІІБ қосымша жіктеу формуласы құрастырылмайды.

6-Қосымша

\_\_\_\_\_  
әлеуметтік қорғау

\_\_\_\_\_  
бастығы

орғанының

Ө Т І Н І Ш

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына сәйкес қабылдау-бөлу орнында қамауда отырған (босатылған) азамат \_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі, туған жылы  
интернат-үйіне жолдама алу үшін құжаттары жіберіліп отыр.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

7-Қосымша

\_\_\_\_\_ денсаулық сақтау

\_\_\_\_\_ бастығы

\_\_\_\_\_ органының

### Ө Т І Н І Ш

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына сәйкес қабылдау-бөлу орнында қамауда отырған (босатылған) азамат \_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі, туған жылы

\_\_\_\_\_ емделуге жіберуге жолдама алу үшін құжаттары жіберіліп отыр.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

8-Қосымша

Бекітемін

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бастығы

199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

Қабылдау-бөлу орнынан босату туралы

Қаулы

199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қаласы (поселкесі)

Мен, \_\_\_\_\_

лауазымы, атағы

---

тегі

---

ішкі істер органының атауы  
199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ ұсталып және 199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_  
дейін қабылдау-бөлу орнында қамауда болған азамат \_\_\_\_\_

---

тегі, есімі, әкесінің есімі  
бақылау материалдарын қарай келіп  
мынаны анықтадым:

Азамат \_\_\_\_\_  
тегі, есімі, әкесінің есімі  
Туылған мезгілі \_\_\_\_\_ Туылған жері \_\_\_\_\_  
күні, айы, жылы қала, аудан, облыс

---

(аймақ, республика)  
Ұлты \_\_\_\_\_ отбасының жағдайы \_\_\_\_\_  
егер некеде тұрса

---

әйелінің (күйеуінің), тегі, есімі, әкесінің есімі көрсетілсін

---

кім және қашан некесін тіркеген, куәліктің сериясы, нөмірі  
Әскери міндетке қатысы \_\_\_\_\_  
Сотты болуы \_\_\_\_\_  
қашан, ҚҚ қай бабы бойынша және қандай мерзімге

---

сотталған, қашан, неге байланысты босатылған

---

\_\_\_\_\_ облысы (өлкесі, республикасы)  
\_\_\_\_\_ ауданы (қаласы)  
\_\_\_\_\_ халық сотының N \_\_\_\_\_ атқару  
қағазы бойынша талапкер \_\_\_\_\_  
тегі, есімі, әкесінің есімі, мекен-жайы  
\_\_\_\_\_ пайдасына \_\_\_\_\_

---

тұрғылықты жері  
көлемінде қарызы бар.

---

\_\_\_\_\_ жұмыс істемейді

қай уақыттан бері  
Аталған елді мекенге келгендегі мақсаты \_\_\_\_\_  
Адамның жеке басы \_\_\_\_\_  
құжаттың аты, сериясы, N

кім және қашан берген, егер бұрын төлқұжаты болса, оның \_\_\_\_\_ арқылы расталды  
сериясы, N, кім және қашан бергені көрсетілсін  
шешім қабылдадым:

Азамат \_\_\_\_\_ қабылдау-бөлу орнынан  
тегі, есімі, әкесінің есімі  
босатылып \_\_\_\_\_  
ұзақ уақыттық немесе қысқа мерзімдік төлқұжат берілсін

облыстың (өлкенің, республикасы), ауданның, қаланың, ауылдың атауы \_\_\_\_\_ жұмысқа тұруға  
ұйымның, мекеменің, кәсіпорынның атауы \_\_\_\_\_  
интернат-үйіне жолдансын  
атауы

Жол жүру құжаттары \_\_\_\_\_ дейін ресімделсін  
темір жол станциясының аты \_\_\_\_\_  
шешім қабылдаған қызметкердің қолы

Шешіммен таныстым \_\_\_\_\_  
199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

## 9-Қосымша

Қабылдау-бөлу орнының

бұрыштама мөрі

## А Н Ы Қ Т А М А

199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_ туылған азамат \_\_\_\_\_  
тегі, есімі,



\_\_\_\_\_ 199\_\_ ж. \_\_\_\_\_

әкесінің есімі

\_\_\_\_\_ 199\_\_ ж. \_\_\_\_\_ дейін қабылдау-бөлу

орнында ұсталып, тұратын жеріне \_\_\_\_\_

республика, өлке

\_\_\_\_\_ облыс, аудан аты

\_\_\_\_\_ бағыты бойынша  
жіберіліп отырғандығы жөнінде беріледі.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

ҚОЛЫ

199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_

М.О.

10-қосымша

\_\_\_\_\_ жұмыспен қамту департаментінің

\_\_\_\_\_ бастығы

\_\_\_\_\_ аймақтық органының

## Х А Б А Р Л А М А

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 199\_\_ ж. " " \_\_\_\_\_  
N\_\_\_\_ қаулысына сәйкес қабылдау-бөлу орнынан босатылған және Сіздің  
қаланың (облыстың) кез келген кәсіпорынында жұмыс істеуге тілек  
білдірген азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, есімі, әкесінің есімі, туған жылы  
жұмысқа орналасуына көмек көрсетуіңізді, атқарылған шаралар жайында  
хабар беруіңізді сұраймын.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

11-қосымша

Қабылдау-бөлу орнының \_\_\_\_\_  
бұрыштама мөрі ішкі істер органының  
199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_  
N \_\_\_\_\_ (милицияның)  
\_\_\_\_\_ Бастығына

## Х А Б А Р Л А М А

Қабылдау-бөлу орнынан босатылып, Сіздер қызмет ететін аумақтағы кез келген кәсіпорында (колхозда, совхозда) жұмыс істеуге тілек білдірген азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, есімі, әкесінің есімі, туған жылы жіберіліп отыр.

Азамат \_\_\_\_\_ жұмысқа орналасуына көмек көрсетуіңізді, атқарылған шаралар туралы хабарлауыңызды сұраймын.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

12-қосымша

Бекітемін

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бастығы

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

Ішкі тәртіп ережелері  
(типтік)

1. Қабылдау-бөлу орнында қамауда отырған адамдар ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға және қабылдау-бөлу орнының қызметкерлерінің нұсқауларын орындауға міндетті.

2. Қабылдау-бөлу орнының камераларында:

жыл мерзіміне сай киім мен аяқ киім;

жуынуға қажетті нәрселер және орамал;

3 тәулік мерзімге жететін азық-түлік;

кітаптар, газеттер мен журналдар;

темекі бұйымдары және сіріңке (тәулігіне 25 папирастан артық

болмауы керек);

медицина қызметкері тағайындаған дәрі-дәрмектер;  
қағаз, конверттер және қарындаш сақтауға рұқсат беріледі.

3. Қабылдау-бөлу орнында болу уақыты ішінде мыналарға рұқсат етілмейді:

сақтауға тыйым салынған заттар, бұйымдар және бағалы заттарды өзінде ұстау;

шулау, айқайлау, құмар ойындар ойнау;  
спирттік ішімдіктерді ішу.

4. Қабылдау-бөлу орнында қамаудағы адамдарға мынадай күн тәртібі белгіленеді:

Ұйқыдан тұру	- 7.00 сағ.
Жуынып-шайыну	- 7 сағ.00 мин. - 7 сағ.30 мин
Бөлмелерді тазарту	- 7 сағ.30 мин. - 8 сағ.30 мин
Таңертеңгілік тамақ	- 8 сағ.30 мин. - 9 сағ.30 мин
Қабылдау-бөлу орнының қызметкерлерінің бөлмелерді тексеріп шығуы	- 9 сағ.30 мин. - 10 сағ.30 мин
Түскі тамақ	-14 сағ.00 мин. - 15 сағ.00 мин
Кешкі тамақ	-19 сағ.00 мин. - 20 сағ.00 мин
Бөлмелерді тазарту	-20 сағ.00 мин. - 21 сағ.00 мин
Жуынып-шайыну	-21 сағ.00 мин. - 22 сағ.00 мин
Ұйқыға жату	-22 сағ.30 мин. -

5. Бөлмелерді, қабылдау-бөлу орнының ауласын тазарту және басқа ішкі шаруашылық жұмыстар қабылдау-бөлу орнының бастығы белгілеген уақытта, қызмет етуші құрамның қадағалауымен, ұсталған адамдардың күшімен жүзеге асырылады.

6. Мекеменің мүлкіне келтірілген зиян үшін кінәлі адамдар заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

ҚОЛЫ

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

13-қосымша

---

ішкі істер органының қабылдау-бөлу орнында қамауда  
отырған адамдарға тағам өнімдерін беру

Ведомості

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ на (не)

1. N P/c
2. Тіркеу журналы бойынша нөмірі
3. Тегі, есімі, әкесінің есімі  
Азық-түлік атаулары
4. нан
5. бірінші тағам
6. екінші тағам
7. шай
8. Бағасы
9. Алғанын растайтын қолы

---

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 8 | 9

---

Қабылдау-бөлу орнының бастығы \_\_\_\_\_

14-қосымша

## А Н Ы Қ Т А М А

Азамат \_\_\_\_\_

тегі, есімі, әкесінің есімі

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

қабылдау-бөлу орнының аты

қабылдау-бөлу орнына келіп түсті.

Медициналық тексеру барысында \_\_\_\_\_

сау, ауру

---

нақты неге шағымданатыны көрсетілсін

---

\_\_\_\_\_ деп мәлімдеді.

Тексеру барысында \_\_\_\_\_

---

\_\_\_\_\_ анықталды.

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_ дейін қабылдау-бөлу орнында

айы

камауда болған мезгіл ішінде оған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ медициналық көмек көрсетілді.

медицина қызметкерінің қолы \_\_\_\_\_

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

Ұстау туралы мәліметтер

\_\_\_\_\_ қашан, кім ұстаған, не үшін, бап, баптың бөлімдері

\_\_\_\_\_ ұсталған.

Қосымша мәліметтер

Тырнақтың бір жиегінен екінші жиегіне дейінгі аралықтарғы саусақ бедерлемелерін аунатып басып алу толық болуы керек. Жай көзбен карағанда, фотоға түсіргенде бояу қабаты біртегіс және капиллярлық жолақтар мен өрнектің бүге-шігесіне дейін анық түсуі керек.

Белгілері

Дене бітімінің кемшіліктері \_\_\_\_\_

(жарақат, мертігу, сүйелдер, қалдар,

\_\_\_\_\_ тыртықтар, денесінің еркінен тыс қимылдары, бас жалтыры (формасы)

\_\_\_\_\_ бет асимметриясы, көз қарашығының әр түрлілігі, тұтығуы,

\_\_\_\_\_ таңба суреттер және т.б.)

Картаны құрастырған \_\_\_\_\_

(лауазымы мен қолы)

Картаның дұрыстығын тексеріп, формуласын шығарған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, қолы және ай-күні)

(250-90 форматы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК